Әділет

**Шортанды ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 8 мамырдағы № А-3/98 "2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" қаулысына өзгертулер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 1 қазандағы № А-5/216 қаулысы. Ақмола облысы Шортанды ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қазанда № 1-18-92 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 23 ақпандағы № А-1/34а қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2010.02.23 № А-1/34а қаулысымен

Қазакстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 28 бабына сәйкес Шортанды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шортанды ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 8 мамырдағы № А-3/98 «2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-18-71 тіркелген, аудандық «Өрлеу» газетінде 2009 жылғы 27 маусымда № 25, аудандық «Вести» газетінде 2009 жылғы 27 маусымда № 25 жарияланған) келесі өзгертулер енгізілсін:

1) Шортанды ауданы әкімдігінің жоғарыда көрсетілген қаулысының 1 қосымшасындағы аудандық шақыру комиссиясының құрамына енгізілсін:

| | |
|---|---|
| Оралова Сәуле Теңізбайқызы | Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Шортанды аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорынының (әрі қарай - МКҚК) ультра-дыбысты зерттеу кабинетінің медициналық бикесі, аудандық шақыру комиссиясының хатшысы.; |

2) Аудандық шақыру комиссиясының құрамынан шығарылсын:

| | |
|---|---|
| Каракина Людмила Равхатовна | Ақмола облысы Денсаулық |

сақтау басқармасының жанындағы «Шортанды аудандық емханасы» МКҚК медициналық тіркеушісі, аудандық шақыру комиссиясының хатшысы.

2. Осы қаулы 2009 жылдың 1 қазанынан туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шортанды ауданы әкімінің оранбасары В.П.Игнатовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Шортанды ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шортанды ауданының әкімі С.Қамзебаев*

**КЕЛІСІЛДІ**:

*Ақмола облысы Шортанды ауданы «Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Е.Асылбеков*

*Шортанды ауданы «Қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Л.Жевлакова*

*«Ақмола облысы «Ішкі істер департаментінің Шортанды аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Е.Жүсіпов*

*Акмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Шортанды аудандық емханасы» МКҚК бас дәрігері Д.Шақанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК